



## «TURAQTY JOL» Республикалық экологиялық идеялар мен жобалар фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

### ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

**Мақсаты:** өскелең ұрпақтың экологиялық мәдениетке және табиғатқа деген ұқыпты көзқарасын қалыптастыру, халықты көгалдандыру және қоршаған ортаны жақсарту процесіне тарта отырып, ресурстарды тұтыну арқылы **Тұрақты Даму Мақсаттарын** (ТДМ 3, 6, 7, 12, 13, 14, 15, 16) насихаттау.

### Міндеттері:

- Қазақстан аумағындағы үздік инновациялық экожобаларды және стартаптарды айқындау және оларды кеңінен қаржыландыру, енгізу;
- Экомәдениетті дамыту мәселелерін көпшілік арасында кеңінен тарату;
- Әлеуметтің назарын қоршаған ортаны қорғауға жұмылдыру;
- Қатысушылардың табиғи ресурстардың сарқылуына байланысты мәселелермен танысуы және күнделікті өмірде тиімді қолдану үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру;
- Климаттық өзгерістер, парниктік газдар шығарындыларының салдары, көздері туралы және оларды жұмсарту жөніндегі мақсаттарға қол жеткізуде әрбір адамның үлес қосу мүмкіндігі туралы хабардарлықты арттыру;
- Түпкілікті тұтынушы ретінде ресурстарды сақтау үшін қатысушылардың жауапкершілігін қалыптастыру;
- Жаңадан бастаған экобелсенділер мен экостартапшылар нетворкингі алаңын құру.

**Қатысушылар:** Қазақстанның 17 облысынан және Республикалық маңызы бар (Астана, Алматы және Шымкент) қалаларынан, 16-дан 35 жас аралығындағы үміткерлерден құралған командалар (1-ден 3 адамға дейін).

**Өтінімдерді қабылдау тілі:** қазақ және орыс

**Ұйымдастырушылар:** Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясы, Алматы қалалық іскер әйелдер Қауымдастығы.

**Бас серіктес:** Банк ЦентрКредит.

**Қолдаушылар:** ҚР Оқу-ағарту министрлігі, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Алматы қаласы әкімдігі және Қазақстанның ЮНЕСКО Клубтары.

## **Кезеңдері:**

**I КЕЗЕҢ (20 сәуір – 20 маусым 2023 ж.)** – жобаның іске қосылуын ресми жариялау және Қатысу өтінімдерін қабылдау;

**II КЕЗЕҢ (21 маусым – 30 маусым 2023 ж.)** – жобаның 10 финалист командасын іріктеу және жариялау;

**III КЕЗЕҢ (3 шілде – 28 шілде 2023 ж.)** – экология, стартаптар, кәсіпкерлік, қаржылық сауаттылық және т.б. салаларда елдің жетекші сарапшыларының қатысуымен онлайн шеберлік сыныптарын, тренингтер мен воркшоптарды өткізу;

**IV КЕЗЕҢ (31 шілде – 7 тамыз 2023ж.)** – қорытынды экожобаларды Алматы қаласындағы экофестивальде қорғау үшін дайындау және жіберу;

**V КЕЗЕҢ (20 тамыз 2023ж.)** – Алматы қаласында экофестиваль өткізу және жеңімпаздарды марапаттау.

## **ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

- фестивальге қатысу тегін;
- конкурсқа қатыса отырып, қатысушы барлық ішкі ережелерді және осы Ережеде жазылған жобаның шарттарын сақтау міндеттемесін, сондай-ақ Алматы қаласында өтетін фестиваль финалын ұйымдастыру кезінде жобаның финалистері үшін ішкі келісім шарттарын сақтауды растайды;
- қатысушылар ұсынған барлық жеке және/немесе басқа ақпарат шынайы, дәл болуы қажет және Ұйымдастыру алқасын қандай да бір жалған ақпаратпен жаңылыстырмау керек;
- кандидаттардың нақты емес немесе жалған ақпарат бергені үшін Ұйымдастырушы үміткерді жалпы іріктеуден шығаруға құқылы;
- байқауға қатыса отырып, қатысушы байқау барысында оның қатысуымен жасалған немесе түсірілген бейнелер мен фото-суреттерді Ұйымдастырушылар мен оның серіктестері тарапынан пайдалануға, оның ішінде БАҚ-та орналастыруға келісімін беретінін растайды;
- фестивальдің іріктеу кезеңіне қатысу үшін онлайн-тіркеуден өту қажет.

**Өтінімдер 2023 жылдың 20 маусымына дейін қабылданады. Қатысуғы өтінім беру сілтемесі: <https://forms.gle/gAikNbyquhkk4vV17>**

## **ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖҰМЫСТАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Экофестивальге қатысу үшін командалар Қазақстанның кез келген өңіріндегі экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі экожобаны/стартапты ұсынуы қажет және оны презентация арқылы сипаттауы керек

Барлық қатысушылардың жобалары мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- Жалпы экожоба/стартап Қазақстанның қалалары мен елді мекендерінде жүзеге асырылуы тиіс;
- экожоба/стартап басқа ірі жобаның бөлігі немесе кезеңі болып табылмауы керек;

- экожоба экологиялық қорғау жөніндегі практикаға бағдарланған міндеттерді шешуге бағытталуға тиіс;
- экожоба/стартап бастапқы идея немесе іске асырудың ерте сатысында болуы тиіс (6 ай).
- экожобаға/стартапқа бұрын қаржылық қолдау көрсетілмеген болуы тиіс (инвестициялар, гранттар, демеушілік ақша, басқа конкурстардағы ақшалай сыйлықтар және т.б.).

#### ҚАТЫСУШЫ КОМАНДЫЛАРЫНЫҢ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫНДА БОЛУЫ КЕРЕК:

1. Экожоба/стартап атауы;
2. Әлеуметтік маңыздылығы негізделген мәселе сипаттамасының болуы (жобаға алынған мәселе статистикалық және талдамалық талдаулармен, сонмыен қатар БАҚ-дағы жарияланымдар және т.б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс)
3. Экожобаның/стартаптың мақсаты;
4. Экожобаның/стартаптың міндеттері;
5. Экожобаның/стартаптың сипаттамасы (іске асыру әдістері);
6. Экожобаның/стартаптың бизнес жоспары;
7. SMART-сараптама;
8. Экожобадан/стартаптан күтілетін нәтижелер.

#### ПРЕЗЕНТАЦИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР:

1. Презентацияны тіркелу формасын толтырған кезде қоса тіркеу керек;
2. Презентацияны жүктемес бұрын, ppt файлды эко-жобаның/стартаптың және команда капитанының атымен сақтау керек;
3. Презентация 20 слайдтан аспауы керек;
4. Файлдың максималды өлшемі 15 МБ аспауы керек;
5. Фестивальге қатысатын жұмыстың авторлық құқығы (онда пайдаланылған материалдар) үшін жауапкершілік осы жұмысты жіберген авторға жүктеледі;
6. Жобаның басқа мүшелерінің авторлық құқығын бұзуға тыйым салынады;
7. Дәйексөзді пайдаланған кезде дереккөзді көрсету керек;
8. Презентацияда әдепсіз, қорлайтын мазмұн немесе әлеуметтік мінез-құлық этикасына сәйкес келмейтін басқа элементтер болмауы керек.

#### **ФИНАЛИСТ КОМАНДАЛАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

Іріктеу кезінде құзыретті қазылар алқасы экожобаларды/стартаптарды бағалауы келесідей жүреді:

- Жоғарыда көрсетілген барлық критерийлерге сәйкес болуы тиіс;
- Жұмыстың толық жасалуы;
- Экожобаның/стартаптың әлеуметтік маңыздылығы мен мәнін ашу;
- Авторлық болу (плагиатсыз);
- Презентацияның креативті ұсынылуы.

**\* Іріктеу нәтижесін Фестивальдің құзыретті қазылар алқасының мүшелері жүзеге асырады. Қазылар алқасының шешімі нақты және қайта қаралмайды.**

**\* Қатысушыларды іріктеу кезеңі өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін, яғни 2023 жылдың 21 - 29 маусым аралығында өтеді.**

## ЭКОФЕСТИВАЛДІҢ ФИНАЛИСТ КОМАНДАЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІН ЖАРИЯЛАУ 2023 ЖЫЛЫ 30 МАУСЫМДА ӨТЕДІ

### НӘТИЖЕЛЕР

Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша 10 команда таңдалады, олар экология саласындағы жетекші сарапшылардың қатысуымен өтетін шеберлік сыныптары мен тренингтерінен өтеді және де команда өкілдерінің бірі (капитан) өз командасының экожобасын/стартапын қорғау үшін Алматы қаласында өтетін экофестивальдің финалына шақырылады.

Нәтижесінде, экофестивальдің финалында ең үздік 3 экожоба/стартап іріктеліп, экофестивальдің жеңімпазы анықталады.

Жеңімпаз командалардың жұлде қоры 10 миллион теңгені құрайды, мұнда 1 орын алған жеңімпаздар 5 миллион теңге алады; 2 орын алған жеңімпаздар 3 миллион теңге алады; 3 орын алған жеңімпаздар өздерінің экожобаларын, стартаптары мен бастамаларын жүзеге асыру үшін 2 миллион теңге алады.

Әрбір байқауға қатысушыға қатысқаны жөніндегі сертификат беріледі, ал жобаның финалистері дипломдармен марапатталады.

### ЭКОФЕСТИВАЛЬДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

- Фестивальдің ұйымдастыру комитеті жоба барысындағы барлық ұйымдастырушылық-техникалық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.
- Ұйымдастырушылар осы Ережеде көрсетілген фестивальдің өткізу шарттары мен мерзімдеріне өзгерістер енгізуге құқылы. Осы Ереже, оған енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер <https://unescoclubs.kz/> сайтында редакцияланған күні көрсетіле отырып жүктеледі.
- Фестиваль, оның өткізілу барысы және қорытындылары туралы ақпарат <https://unescoclubs.kz/> сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында, басқа да ақпараттық ресурстарда жарияланатын болады.
- Ұйымдастыру комитетінің байланыс құралдары:

тел.: +7 700 394 32 32,

e-mail: [projectcor.kazfuca@gmail.com](mailto:projectcor.kazfuca@gmail.com)

Фестивальдің ресми инстаграм парақшасы: [turaqty\\_jol](#)